

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ҚР АҚ) 395-бабының 5-тармағына сәйкес осы құжат жария оферта болып табылады және төменде баяндалған талаптар мен «DIGITAL TV» ЖШС желісінің қызметін төлеуді қабылдаған жағдайда, осы офертаның акцептін жүзеге асыратын жеке тұлға, «DIGITAL TV» ЖШС (ҚР АҚ 397-бабының 1-тармағына сәйкес, офертаның акцепті, офертада баяндалған талаптарда шартты жасасуға күші тең болады) желісінің Абоненті болады.

Жоғарыда айтылғандармен байланысты, осы ашық офертаның мәтінін ықыласпен оқып шығыңыз және егер Сіз офертаның қандай да бір тармағымен келіспейтін болсаңыз, «DIGITAL TV» ЖШС Сізге қызметтерді пайдаланудан бас тартуды ұсынады.

WIMAX байланыс қызметін көрсетудің жария шарты

Осы жария шарт (бұдан әрі – Шарт) осы Шарттағы талаптармен анықталуларға сәйкес, Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі, байланыс және ақпарат комитетімен бірілген 25 желтоқсан 2010 жылғы БАҚ № 002354 (№ 002354-0005 қосымшасы) Лицензиясының (бұдан әрі – Лицензия) негізінде DII және Digital TV тауарлар белгісімен WIMAX (Интернет желісіне сымсыз қол жеткізу) байланыс қызметін ұсынған кезде, Абонент пен «DIGITAL TV» ЖШС (бұдан әрі – Оператор) арасындағы қатынастарды реттейді.

1. Терминдер мен түсініктемелер

1.1. Осы Шарттың мақсаттары үшін төмендегі негізгі түсініктер пайдаланылады:

- 1) Абонент – Шартқа қосылып, байланыс Қызметін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;
- 2) Абоненттік шарт – байланыс Қызметін көрсетуге арналған шарт, ол Шарт пен Тіркеу формасынан тұрады;
- 3) Абоненттік құрал – Абоненттің қабылдағыш құралына ақпаратты беруге немесе қабылдауға мүмкіндік беретін Оператордың желісіне қосылатын Абоненттің техникалық байланыс құралы;
- 4) Оператордың қызмет көрсету аймағы – лицензиясы мен техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес, Операторға WIMAX байланыс қызметін көрсететін аумақ;
- 5) Жеке шот – байланыс Қызметін төлеу шотына Абонентпен ендірілген ақша қаражатының түсімі мен шығындау, сондай-ақ байланыс Қызметінің көрсетілген көлемі үшін тағайындалған Операторды сараптамалық есепке алу құжаты (Оператормен есептесудің автоматтандырылған жүйесіндегі электрондық файл);
- 6) Тіркеу формасы – Шарт жасасу сәтінде Абоненттік Тарифпен таңдалған және Абоненттік құрылғы жөнінде ақпарат, абонент туралы мәліметтер бар, Шарттың қосымшасы;
- 7) Оператордың сайты – www.diji.kz мекен жайы бойынша интернет желісіндегі Оператордың ақпараттық қоры (көзі);
- 8) Абонент туралы қызметтік мәлімет – Абонент туралы мәліметтер (телефон нөмірлері, теңестіру кодтары, тұрғылықты мекен жайы, электронды почталарының мекен жайы, СТН, жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері, ЖТН және басқалары), биллинг мәліметтерімен Оператордың Абонентке көрсететін Қызметтері туралы мәліметтер;
- 9) Оператордың Байланыс Орталығы – Абоненттерге қызмет көрсету мен техникалық қолдау бойынша Оператордың бөлімшесі;

- 10) Тарифтік жоспар – Абоненттерге немесе Абоненттердің белгілі бір тобына немесе белгілі шектеулі аумаққа Оператор тағайындаған Байланыс қызметін пайдаланудың бағасы мен қосымша шарттары, белгілі бір тізімі бар тарифтік ұсыныстардың жүйесі;
- 11) Байланыс қызметтері – Абонентке Оператормен ұсынылатын байланыстың негізгі және қосымша қызметтері;
- 12) Есеп-қисап кезеңі – Оператордың Қызметі мен басқа қызметтер көрсетілген және есепке алынып отырған күнтізбелік ай.

2. Шарттың мәні

2.1. Оператор желілік ресурстарды пайдалану жиілігінің дәрежесі мен бір дерлікте өткізілетін трафик көлемінде Абонентке Ресми сайтта көрсетілген көлем мен таңдалған Тарифтік жоспарға сәйкес жылдамдықтар шегінде байланыс Қызметін көрсетеді, ал Абонент Оператордың таңдалған Тарифтік жоспарымен бекітілген тәртіп пен талаптарда байланыс Қызметін қабылдайды және төлеп береді.

2.2. Абонентпен Тарифтік жоспар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тіркеу формасында көрсетіледі.

2.3. Байланыс қызметін көрсету тәртібі, қызмет талаптары мен тарифтер Тарифтік жоспармен бекітіліп, Ресми сайтта орналастырылады және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Байланыс қызметінің тарифтері Қазақстан Республикасының теңгесімен тағайындалады және Шарттың әрекет ету кезеңінде өзгертілуі мүмкін және Шарттың әрекет ету сәтінде әрекет ететін кез келген салықтар мен жиындарды біріктіреді.

2.4. Оператор тиісті хабарламаны Ресми сайтқа орналастыру жолымен Тарифтік жоспары бойынша өзгерістер күшіне енгізуіне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кем емес уақытта Абоненттерді хабарландырады. Хабарлама датасы тиісті жарияланып, Ресми сайтта жарияланған дата болып табылады. Көрсетілген өзгерістермен өзі келіспеген жағдайда, Абонент Операторды 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Операторды жазбаша ескертіп, Тарифтік жоспарының өзгерістер күшіне енетін датаға дейін байланыс Қызметін пайдалануды тоқтату жолымен өзгерістерді қабылдаудан бас тартуға құқықты. Осы датаның аяқталуы бойынша байланыс Қызметін пайдалануды жалғастыру және хабарландыру, Абоненттің енгізілген өзгерістермен келісуі деп қарастырылады.

2.5. Абонентте бірнеше қарыз дербес шоттары бар болса, Оператор Абоненттің Оператор алдындағы қарыздарын өтеуге Абоненттің әлі шығындалмаған қаржысының бөлігін ұстап қалуды жүзеге асыруға құқықты. Осыдан кейін Абоненттің Оператор алдындағы барлық қарыздары өтеліп болғаннан кейін, қалған ақшаны Абонентке қайтарып беру жүзеге асырылады.

2.6. Абоненттің бастамасы бойынша, егер Абонент басқа шарт бойынша көрсетілетін байланыс Қызметін пайдалануды жалғастырғысы келген жағдайда (басқа дербес шотты пайдалану арқылы), Абонент Оператормен келісуі бойынша, Оператормен жасалған басқа шарт бойынша қызметті төлеу есебінен, әрекет ететін басқа дербес шотқа ақшаны аударуды жүзеге асырып, шығындалмаған ақшаны өзіне қайтарудан бас тартуға құқықты.

2.7. Абоненттің жазбаша арызы (немесе Абоненттің заңды тәртіпте тағайындалған уәкілетті өкілінің жазбаша арызы) негізінде, байланыс Қызметін көрсету тоқтатылған жағдайда, Оператор Абонентке байланыс Қызметін төлеуге шығындалмаған ақшаны қайтаруды жүзеге асырады.

3. Байланыс Қызметін көрсетудің жалпы талаптары

3.1. Оператор байланыс Қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен техникалық нормаларына сәйкес Шарт талаптарында байланыс Қызметін көрсетуге міндеттенеді.

3.2. Байланыс Қызметін төлеу, Абонентпен төлеудің таңдалған тәсіліне (қолма-қол/ақша аудару формасы) сәйкес, Шартта көрсетілген банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.

3.3. Бұзылушылықтар, жұмыста үзілістер немесе байланыс Қызметінің басқаша нашарлауы пайда болған жағдайда, Абонент Оператордың Байланысу орталығын шұғыл түрде хабарландыруға міндетті. Оператор Абоненттің өтініш жазған уақытын тіркеуге алып, бұзылушылық/үзіліс/ байланыс Қызметін көрсету сапасының нашарлау себептерін анықтап, оны қалпына келтіру бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Оператордың еркіне қатысты жұмыстағы үзілістер немесе көрсетілетін байланыс Қызметі сапасының басқаша нашарлауы немесе бұзылушылықтарды жою мерзімі Оператордың байланысу орталығына Абоненттен өтініш келіп түскен сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағаттың ішінде жүзеге асырылады.

3.4. Мұндай жағдай туралы Операторға хабарламағанда немесе дер кезінде хабарламаған кезде, Абонент одан әргі уақытта шағым жасауға құқығы жоқ.

3.5. Абоненттің жазбаша өтініші бойынша және онда қарыз болмаған кезде, 2 (екі) ай мерзімге дейін байланыс Қызметін көрсету тоқтатылуы мүмкін. Байланыс Қызметі тоқтатылған кезеңде, Абоненттік төлем Абонентке есептелмейді. Байланыс Қызметін көрсету Абоненттің жазбаша өтініші бойынша қалпына келтіріледі.

3.6. Абонентпен байланыс Қызметі төленбеген немесе дер кезінде төленбеген жағдайда, хабарламаны алу фактісіне тәуелсіз түрде, Оператор Абонентті желіден шығарып тастау жолымен, Абонентке байланыс Қызметін көрсетуді бір жақты тәртіппен тоқтату құқығын Оператор өзіне қалдырады.

3.7. Егер Абоненттің Дербес шотындағы ақша қаражаты байланыс Қызметін ұсыну үшін жеткіліксіз болатын болса, Оператор Абонентке желіге қосылуын толық тоқтатып тастауға және/немесе көрсетілетін байланыс Қызметінің көлемін шектеуге құқықты.

3.8. Абонентті Оператордың желісіне қайталап қосу, Абоненттің Дербес шотына ақша қаражаты келіп түскеннен соң жүзеге асырылады.

3.9. Ұсынылған Құрылғыны басқа жеке немесе заңды тұлғалармен көрсетілетін ұқсас қызмет көрсетуді қабылдау үшін Абонентке пайдалануға тыйым салынады.

3.10. Абонент байланысу қызметін пайдалануды тоқтатуымен, Абоненттің өтініші бойынша, Оператор оператордың ішкі құжат реттеріне бойынша Абоненттік құрылымның қайтаруы іске асыруға құқықты және шартқа.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Оператор:

4.1.1. Қызметке еруге қол жеткізу үшін Абонент Шарттың талаптарына сәйкес, Оператордың Ресми сайтында жарияланған қосылу Тәртібіне сәйкес, дербес түрде Абоненттік құрылғыны дербес түрде орнатуды, тіркеуді және белсенді етуді жүзеге асырады.

4.1.2. Абонентке Арыз беруі бойынша қосымша қызметтер көрсете алады. Қосымша қызметтердің тізілімі мен бағасы Оператормен дербес түрде анықталады.

4.1.3. Абоненттік құрылғы қызмет көрсету Аймағында болғанда және Абоненттің Дербес шотында Оператордың Қызмет көрсетуі үшін жеткілікті ақша қаражаттары бар болған кезде немесе/және Абонентпен келісілген Оператормен ұсынылатын Қызмет көлемі мөлшерінде, Абонентке Қызметтер көрсетеді.

4.1.4. Абонентке қызмет көрсетуге ілесе жүретін кез келген ақпаратты, сондай-ақ Операторға тиесілі ақпараттық ресурстарда жарнама сипатындағы ақпараттарды орналастырады.

4.1.5. Оператордың Сайтында осы жөнінде хабарламаны алдын ала орналастыру жолымен, Абоненттің Оператор Қызметінің қолданыстағы тізіліміне енбеген және Абонентпен таңдалған байланыс Қызметіне қол жеткізуіне автоматты түрде жол ашады.

4.1.6. Төмендегі жағдайларда, Абонентті алдын ала ескертусіз, Оператордың Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқықты:

- а) Абоненттің Дербес шотында Оператордың қызмет көрсетуі үшін жеткілікті ақша қаражаты жоқ болған жағдайда;
- б) Абоненттік құрылғы немесе көрсетілетін байланыс Қызметі уәкілеттелмеген тұлғамен, тиісті емес немесе заңсыз әдіспен немесе қылмыстық әрекеттерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатыны мәлім болғанда;
- в) Абонент Шарт талаптарын бұзған жағдайда немесе құқыққа қарсы әрекеттерді жүзеге асырғанда;
- г) Абоненттен Абоненттік құрылғы ұрланды немесе жоғалды деген хабарлама алған жағдайда;
- д) Оператордың пікірі бойынша Абонент Оператордың WIMAX байланыс желісінің жұмысына зиян әкелуі мүмкін әрекеттерді жүзеге асырғанда;
- е) Абонентпен Шарт талаптары бұзылған жағдайда;
- ж) Шарттың 3.5 тармағына сәйкес, қызмет көрсету тоқтатылған мерзім аяқталғаннан кейін Қызмет көрсетуді қалпына келтіруге 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Абоненттен арыз келіп түспеген жағдайда;
- з) Оператордың құзыретінен тыс тұрған, бірақ та, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарымен немесе ырық бермейтін күштің жағдайларымен анықталатын әрекеттерден басқа себептер бойынша.

4.1.7. Қажетті алдын алу және жөндеу-сервистік жұмыстарды өткізу мақсатымен 24 (жиырма төрт) сағаттан аспайтын уақытқа Қызмет көрсетуді үзуге құқықты.

4.2. Абонент:

4.2.1. Оператордың желісіне енуге рұқсаты бар Абоненттік құрылғыны сатып алады.

4.2.2. Оператордың желісін Интернетке қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Шарттың ережелеріне сәйкес, қолданыстағы стандарттармен, техникалық нормалармен рұқсат етілген тәсілдермен ақпаратты беру үшін пайдалануға құқықты.

4.2.3. Абонент Шартпен анықталған мерзімде, Абонентке көрсетілген Оператордың қызметіне толық көлемде төлем енгізуге, Абонент Оператордың көрсетілген Қызметін төлемегені және/немесе дер кезінде төлемегені үшін толық жауапкершілік жүгін көтереді.

4.2.4. Операторға Абонент жөнінде шынайы мәліметтерді (ТАӘ, жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері, СТН нөмірі, ЖТН, электронды почтасының мекен жайы) ұсынады. Көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, Операторға осындай өзгерістер енгізілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жаңа мәліметтерді ұсынады.

4.2.5. Оператордың қызметіне қосылу үшін байланыс желілерін төсеу мәселесін ПИК немесе басқа өкілетті тұлғалармен дербес түрде шешуі және реттеуі тиіс. Абонент жалпы үлестік меншік немесе басқару құқығы бойынша Абонентке тиесілі кондоминиумның бөлігін, кабель төсеу және/немесе Оператордың қызмет көрсетуі үшін қажетті Оператордың құрал-жабдығын орнату кезінде Оператордың пайдалануы үшін өзінің тегін келісімін береді.

4.2.6. Дербес түрде өзінің Абоненттік құрылғысы және/немесе терминалдық құрал-жабдықтарды зиян келтіретін компьютерлік программалардан, жаппай жөнелтулерден, спамдардан қорғау бойынша шаралар қабылдайды.

4.2.7. Шарт жасай отырып, Абонент сол арқылы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған осындай келісімнің қажеттілігі жағдайында және мақсатында Оператордың желісі бойынша жарнамалық ақпараттарды алу мүмкіндігіне өзінің келісімін білдіреді. Абонент тиісті жазбаша хабарламаны бағыттау жолымен Оператордың желісі бойынша таратылатын жарнамаларды алу мүмкіндігінен өзінің бас тартатынын білдіруге құқықты.

4.2.8. Осы арқылы Абонент төмендегілерге өзінің келісімін білдіріп:

4.2.8.1. Өзіне көрсетілетін Қызметтің мазмұны, Оператордың байланыс Желісінің техникалық сипаттамалары, оның сапасы, сенімділігі мен шектеулері туралы толық ақпарат ұсынылады;

4.2.8.2. Ол компьютерлік моделдеу негізінде анықталып және табиғи сынақтар нәтижесінде қуатталатын байланыс Қызметін көрсету аймағы туралы, Қызмет көрсету Абонент және/немесе Абоненттік құрылғы тұрған әрбір нақты нүктеде Қызмет көрсетуге кепілдік бермейтініне хабардар екендігін қуаттайды.

4.2.9. Қызметті пайдалану кезінде Абонентке ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

4.2.9.1. Интернет желісіне қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасында тиісті түрде сертификатталмаған, байланыс желісінің жұмыс істеу қабілеттілігін бұза алатын компьютерлік құрал-жабдық пен программалық қамтамасыз етуді пайдалануға;

4.2.9.2. Операторға және/немесе үшінші тұлғаға залал келтіретіндей түрде әрекет етіп, Қызметті пайдалануға;

4.2.9.3. Жеке/заңды тұлғалардың ар-намысы мен қадыр-қасиетін қорлайтын ақпаратты тарату үшін Қызметті пайдалануға;

4.2.9.4. Интернет желісінің ресурстары және/немесе корпоративтік ресурстарға рұқсат етілмеген ену үшін Қызметті пайдалануға;

4.2.9.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін басқа әрекеттерді жасауға.

5. Жауапкершілікті шектеу

5.1. Оператор төмендегілер үшін жауапкершіліктен босатылады:

5.1.1. Абоненттік құрылғыны дұрыс пайдаланбау нәтижесінде келтірілген моралдық және материалдық залал, денсаулыққа залал келтіру мен басқа жоғалтулар;

5.1.2. Абоненттің жіберіп алған пайдасы;

5.1.3. Қызмет көрсету жұмысында төмендегілер тудырған үзілістер: үшінші тұлғалардың әрекетінен (ПИК әрекеті, материалдарды тонау/ұрлау, торап желісіндегі үзілулер және т.б.), Абонентке қызмет көрсетуге қатысатын басқа жақтың телекоммуникациялық операторларының қызметі, Абоненттік құрылғыны сапасыз баптау мен Операторға қатысты емес басқа себептер;

5.1.4. Уәкілеттелген мемлекеттік органдардың уақытша тыйым салуы тудырған жағдайлар салдарынан міндетін орындау алмау, Оператордың шама-шарқы жетпейтін электроэнергиясын беруді тоқтату, атмосфералық жағдайлар мен басқа себептер;

5.1.5. Оператор Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісті түрде дұрыс орындаған жағдайда, қоса алғанда, бірақ онымен шектелместен, мұндай залалдың орын алу мүмкіндігі туралы Оператордың білуі мүмкін болуы немесе болмауына тәуелсіз түрде, нақты залал мен жіберіп алған пайда мен кез келген шығындар үшін Абонент және/немесе қандай да бір үшінші тарап алдында жауапкер болмайды.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті жолмен орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Шартқа сәйкес жауапкершілік жүгін көтереді.

6.2. Егер Абонентпен Шарттың ережесін бұзу, Оператор үшін жағымсыз салдарлардың тууына әсер еткен жағдайда, егер Шарттың ережелерімен басқаша қарастырылмаған болса, Абонент өзінің жеке күші мен қаражаты есебінен, Операторға есеппен және Оператордың құжаттарымен анықталған мөлшерде келтірілген залалды өтеп береді.

6.3. Егер бұл орындамаулар, осы Шартты жасағаннан кейін туындаған, Тараптар алдын ала болжап білмеген не оны ақылға сыйымды шаралармен алдын алу мүмкін болмаған, төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесі (соның ішінде, бірақ мұнымен шектелместен: соғыс, індеттер, апаттар, өрттер, жер сілкінулер, су тасқындары, сондай-ақ мемлекеттік органдармен нормативтік құқықтық актілер шығару) болып табылатын ырық бермейтін

күш жағдайларының салдары болса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

7. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі, әрекет ету мерзімі

7.1. Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шартқа сәйкес тоқтатылғанға дейін әрекет етеді.

7.2. Абонент Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқықты. Бұл жағдайда, Абонент Операторға Оператордың көрсетілген Қызметінің бағасын, соның ішінде одан кейін анықталған төлем бойынша қарызды төлеп береді.

7.3. Абонент Тіркеу формасында Абонент туралы күмәнді мәлімет ұсыну жағдайын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Шартпен қарастырылған талаптарды Абонент бұзған жағдайда, Шарт Оператормен біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

7.4. Шарт бұзылған/тоқтатылған кезде, Абоненттің дербес шотынан ақша қаражаттарының қалдығын оған қайтару, осындай қайтару туралы Абоненттің арызын тіркеген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

7.5. Кез келген негіздер бойынша Шарт бұзылған кезде, 32 (отыз екі) күнтізбелік күннің өтуі бойынша, Абоненттің қарамағындағы Абоненттік құрылғы (тек тауарлық түрі сақталғанда, фискалдық чек бар болғанда, қорабы бүтін болғанда және Абоненттің жазбаша арызы бар болған жағдайда) Оператормен сатылып алынуы мүмкін. Кез келген акциялар (соның ішінде жарнамалар) аясында Оператормен Абонентке ұсынылатын бонустар мен жеңілдіктер, ақша түрінде төленбейді.

7.6. Оператор Шартқа Оператордың Сайтында орналастыру және/немесе бұқаралық ақпарат құралында (БАҚ) Шарттың өзгертілген редакциясын жариялау жолымен, өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуі мүмкін. Егер жариялау сәтінен 1қ (он) күнтізбелік күннің өтуі бойынша, Абоненттен Оператордың заңдық мекен жайы бойынша бағытталған Шарттан бас тарту туралы жазбаша Арызы түспесе, мұндай өзгерістер мен толықтырулар Абонентпен қабылданды деп есептеледі.

8. Басқа талаптар

8.1. Оператор Абонент жөнінде Қызметтік ақпаратты құрайтын, деректер бар мәліметтердің электрондық есебін жүргізеді. Абонент осы арқылы, Оператор Абонент жөнінде алынған Қызметтік ақпаратты өз қызметі аясында өзінің қарастыруы бойынша пайдалануға құқықты екендігіне, соның ішінде Абоненттің қосымша келісімін алмастан уәкілеттелген мемлекеттік органдарға оны беруге құқықты екендігіне келісімін береді.

8.2. Көрсетілетін байланыс Қызметі радиотолқындар таралуының табиғи шартының күшіне орай нашарлауы, үзілуі немесе ғимараттарға, жертесіктерге, жертөлелер мен басқа жерасты құрылыстарына жақын жерде, жер бедері мен құрылыстардың жергілікті ерекшеліктері, метеорологиялық жағдайлар мен басқа себептердің салдарынан кедергілерге ұшырауы мүмкін. Бұл жағдайда аталмыш жағдайлар байланыс Қызметін көрсетудегі үзілістер болып табылмайды және байланыс Қызметінің бағасы, Оператор тарапынан қандай да бір өтемақылар жасауға негіз болып табылмайды.

8.3. Абонентке көрсетілетін байланыс Қызметі, желінің кейбір ерекшеліктерінің күшіне орай, басқа операторлардың қызмет көрсету сапасына қатысты болуы мүмкін.

8.4. Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Оларды бейбіт жолмен шешу мүмкін болмаған кезде, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, соттық тәртіппен шешіледі. Бұл жағдайда, Шарт талаптарынан пайда болатын даулар, Оператордың негізгі кеңсесінің орналасқан орны бойынша сотта қаралуға жатады.

8.5. Келісім шарты орыс және қазақ тілдерінде құралған. Қазақ және орыс тілдерінде басым болатын күшті келісім шарты редакциялардың арасындағы түрлі оқуларды жағдайда, орыс тіліндегі редакцияны алады. Шартта жазылмай кеткен барлық басқа

жағдайларда, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

8.6. Абонент Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін Оператордың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге немесе ұсынуға құқығы жоқ.

8.7. Шартқа сәйкес бағытталатын хабарламалар және/немесе хабарландырулар, егер олар пошта, факс, электронды байланыс құралдары немесе Шартта көрсетілген Тараптың мекен жайы бойынша қолма-қол жеткізілсе, тиісті үлгімен жеткізілді деп есептеледі.

8.8. Хабарлама және/немесе хабарландыруды бағыттау датасы, оны почта, факс (электронды почта) бойынша жөнелту датасы немесе хабарламаны қолма-қол жеке табыстау және/немесе басқа Тарапқа хабарлау датасы болып есептеледі. Оператормен Абонентке Қызмет көрсетілген Тіркеу формасында мекен жайы бойынша жазбаша формада бағытталған хабарлама жеткізілді деп есептеледі.

8.9. Егер Шарттың кез келген талабы қазіргі кезде немесе болашақта толық ,немесе бір бөлігінде заңсыз, жарамсыз немесе қолдануға жарамайтын болса, онда бұл талап заңдылыққа, жарамдылыққа және кез келген басқа талаптардың қолданушылығы толық немесе бір бөлігіне сол сияқты тұтас алғанда Шарттың бәріне ықпал етпейді.

«DIGITAL TV» ЖШС

Зандық мекен жайы: 050004, Алматы қаласы, Сейфуллин даңғ-ы, 404 үй/Маметова к-сі, 67 «б» үй.

Іс жүзіндегі мекен жайы: 050000, Алматы қаласы, Құрманғазы к-сі, 61 «а» үй,

СТН: 600500521787

БСН: 030640000968

тел: 2959235, 3510400, факс 3510401

Банктік реквизиті

«Казкоммерцбанк» АҚ АФ

ИИК KZ679261802153965000

БИК KZKOKZKX

Бас директор

К. Бахридинов